

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі N 3108 және 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3039 Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 қарашадағы N 719 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен .**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы N 2975 Жарлығының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығының 20-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1 . < \* >

**Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.07.05. N 140 жарлығымен .**

2. "Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3039 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Комиссия құрамына:

Ушуров Игорь Арлиевич - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары болып енгізілсін;

аталған Комиссия құрамынан Н.В.Белоруков шығарылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*